**Алматы облысындағы ауылдық округтің және ауылдың атауларын өзгерту туралы**

Алматы облысы әкімдігінің 2010 жылғы 10 ақпандағы N 11 қаулысы және Алматы облыстық мәслихатының 2010 жылғы 10 ақпандағы N 28-179 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2010 жылы 19 наурызда N 2046 тіркелді

РҚАО ескертпесі.
Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабындағы 4-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Төмендегі ауылдық округтің, ауылдың атауы:

1) Қарасай ауданы Шамалған ауылдық округін Үшқоңыр ауылдық округі;

2) Қарасай ауданы Шамалған ауылдық округіне қарасты Шамалған ауылы Үшқоңыр ауылы деп өзгертілсін.

2. Алматы облысының статистика департаменті (Б. Төлепбаев) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерін есепке алу мен тіркеуіне өзгерістер енгізсін.

3. Осы бірлескен Алматы облыстық әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысының әкімі С. Үмбетов*

*Алматы облыстық мәслихаты сессиясының төрағасы Ж. Мықитанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК